

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Күндізгі нысанда қашықтықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастыру бойынша оқытушыларға арналған нұсқаулық

2020-2021 оқу жылының бірінші жартыжылдығы

Сабақтар бекітілген кестеге сәйкес онлайн және оффлайн режимінде өтеді. Кесте Platonus ААЖ-дың «Хабарландырулар» қосымшасында беріледі.

Кестеге қатысты сұрақтар бойынша тіркеу бөліміне хабарласыңыз:

Қазына Темірбайқызы 8 701 537 0092

Светлана Даниловна 8 701 6267701

On-line сабақтарды өткізу

On-line сабақтарды өткізу үшін OES бағдарламасын қолдануды жалғастырамыз. Сонымен қатар, аздаған қашықтықтан оқыту тәжірибемізде (2019-2020 оқу жылының 2-семестрінде) біз басқада веб-конференцияларды қолдануға болады деген қорытындыға келдік. Мысалы, жекелеген оқытушылар ZOOM бағдарламасында онлайн-сабақтар өткізеді (Мұндай жағдайда алдын ала жоспарланып, вебинардың сілтемесін студенттерге, ҚБТ орталығына хабарлау керек).

Өтініш: вебинар өткізу барысында (сабақ кестесіне сәйкес) вебинар өткізілетін пән бойынша чатты ашық ұстау керек. Техникалық кідірістер болған жағдайда оқытушы «Оқу аудиториясы» қосымшасындағы чатта сабақтарын өткізуге ауыса алады.

Яғни, сабақ бойынша бағалары болуы үшін сабақты өткізудің кез келген форматына дайын болу керек.

Off-line сабақтарын өткізу. «Оқу аудиториясы» қосымшасын пайдалану

Off-line сабақтарын өткізу кестеге сәйкес жалғасады. **ОҚУ АУДИТОРИЯСЫ** қосымшасындағы чатты кеңінен пайдалану ұйынылады (ортақ чат немесе жеке чат).

Сіз шақырған студенттермен (оқытушының таңдауы бойынша) сөйлесуге келер болсақ, сіз әр студентпен хат алмасасыз, олардың аты-жөні чатта бар. Тек фамилияға қарсы нүктені басу керек.

Чатқа қай студенттерді шақыруға болады?

Вебинарға жауап беруге үлгермеген немесе рейтингін жоғарлатқысы келетін жекелеген студенттерді (пәндік сұхбат туралы алдын ала ескертіп)

және хат алмасу кезінде семинар сұрақтарының біріне жауаптың қысқаша мазмұнын жіберуге (тіркеуге), айталық, егер олар аудиторияда сөйлесе, шақырыңыз.

Осындай тәртіп басқа да сабақтарда (практикалық, тілдік мамандықтарда).

Ескерту:

1. Оффлайн сабақты кестеге сәйкес өткізу керек.
2. ОҚУ АУДИТОРИЯСЫ қосымшасында чатқа өту үшін (ортақ немесе әрбір студентпен) Сіздің мамандығыңыз бойынша көкшіл квадратқа (КІРУ) басу қажет.
3. Platonus ААЖ-дың тығыздығына байланысты студенттерден көлемді материалдарды оқытушының электронды поштасына жіберулерін сұрау керек.

СӨЖ тапсырмаларын беру. Тапсырмаларды орындау.

Студенттерге әр аптаның басында Платонустың «ТАҚЫРЫП» қосымшасында СӨЖ-ді тағайындау керек. Бұл апта сайын тағайындалады (яғни, 15 аптаға 15 тағайындалу болады).

Ескерту:

1. Егер қосылу қиын болса, **кейінге қалдырмай**, ҚБТ-ке хабарласыңыз: **Айгүл Сержанқызы 8 775 433 5420.**
2. **Айгүл Сержанқызымен келіспей «Болдырмау» деген түймені** баспаңыз (студенттер жіберген тапсырмаларды тексерген кезде).

Өтініш: өз пәндерінің чатында студенттерге **үнемі** дедлайн жайлы есіне салып отырыңыз, бұл оларды тәртіпті етеді. Жиі топтық журналды (фото) оқу жетістіктерінің нәтижелерімен чатқа салыңыз.

3. Студенттерді СӨЖ бойынша жауаптарды, ең алдымен, **«Платонусқа»** жіберуге дағдыландыру керек. Бұл жағдайда жіберілетін құжаттар көлемді болмауы тиіс. Интернет болған жағдайда, ең болмағанда, электрондық поштаға, интернет болмаса немесе нашар болса (шалғай аудандардағы) поштаға немесе WhatsApp арқылы жіберуге болады.
4. Тексеруге жіберілген **файлдардың** (тапсырмалардың) атаулары (автордың қолы қойылған) болғаны жөн. Студенттер бұл туралы да кеңес алады. Бұл тексеруге жіберілген СӨЖ немесе басқа тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде оқытушының жұмысын жеңілдетеді. **Мысалы**, Идрисова, ҚТ-19-01-10 тобы, №2 СӨЖ.

NB!!! Қашықтықтан оқыту форматында онлайн сабақ өткізу кезінде студенттерден сөйлеу этикетін, киім үлгісін сақтау, ұқыпты болу және білім беру үдерісіне қатысы жоқ бөтен адамдардың болуына жол бермеу талап етіледі **(Еуразия гуманитарлық институтының Академиялық саясатынан).**

**Академиялық мәселелер және
аккредиттеу жөніндегі департамент**